

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Мен, жасанды интеллекттің саласы болып есептелетін “Компьютерлік лингвистика» - «Computational linguistics» проблемаларымен 20 жылдан астам айналысып, 5 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты мен 8 PhD даярлап, ғылыми мектеп құрдым. Біздің негізгі ғылыми нәтижелер мыналар: қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық ережелерінің математикалық моделдері; қазақша жазылғанды сөйлету және қазақша сөйлегенді жазу технологиялары; қазақ тіліндегі мәтінді морфологиялық, синтаксистік және семантикалық талдау технологиялары; қазақ тіліндегі білімдерді бейнелеу мен өңдеу; қазақ тілінде жазылған әр түрлі заңдарға қайшы келетін мазмұндары бар мәтіндерді реңдік (эмоциялық) талдау және басқа технологиялары. Осы технологиялар қазақ тілінде әртүрлі интеллектуалдық сұрақ-жауап жүйелерін, мәтіндерді сентименттік талдау мен автоматты рефераттау жүйелерін және кез келген пән бойынша электрондық оқыту мен білімді бағалау жүйелерін және ақпаратты қорғауды жүзеге асыру мен ақпараттық қауіпсіздіктің тәуекелдерін бағалауда қолданылады. <http://e-zerde.kz>, https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt.

Мен 20.02.2018 жылы бекітілген қазақ тілінің әліпбиінде көптеген қателер бар екендігін дәлелдеп, Сіздің атыңызға бұрын 3 рет хат жазғанмын. Бірақ оларға берген жауаптардан ештеме өзгермеді. Нәтижесінде қате әліпбиді оқыту, оған сәйкес орфографиялық ережелерді даярлау, баспа материалдарын шығару, қазақ жазуын бір графикадан екінші графикаға аударатын компьютерлік программалар әзірлеу және басқа ұйымдастыру шараларға жұмсалған 2019 жылғы мемлекеттік қаржы зая болды. Соған қарамастан 2020 жылы «Орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық және IT-сүйемелдеу» жұмыс тобы мақұлдаған қазақ тілінің латиницадағы жаңа әліпбиі тағы қате болды, ол туралы 1-Қосымшада.

Осы хатты жазуыма менің қазақ тілінің келешегі оның жазуын латын графикасына ауыстыру ғана емес, соның негізінде **қазақ тілінде жасанды интеллекттің** дамуында және оның ғылыми-технологиялық нәтижелерін еліміздің экономикалық, өндірістік және әлеуметтік салаларына ендіру туралы ойларымды жүзеге асыру болды. Жасанды интеллекттің қолданатын салалар туралы және Қазақстанда жасанды интеллектті дамыту туралы ұсынысым 2-Қосымшада (көптеген терминдер қазақ тілінде жоқ юолғандықтан ұсыныс орыс тілінде жазылған). Бұлар мемлекет тарапынан күттірмейтін қолдау табуы керек.

Осы мәселелерді Сізбен көзбе-көз жете талқылауға маған мүмкіндік беруіңізді сұраймын.

Қосымша:

- 1-Қосымша. Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиі туралы - 7 бет.
- 2-Қосымша. Қазақстанда жасанды интеллектті дамыту туралы ұсыныс - 7 бет.
- 3-Қосымша. Менің түйіндедемем – 2 бет.

Алтынбек Шәріпбай

Адрес: г. Нур-Султан, Достық, 12, 27.

Телефон: 8 701 777 1652, 8 747 777 1652

«Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT-сүйемелдеу»
жұмыс тобы мақұлдаған қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиіндегі қателер

Алтынбек ШӘРІПБАЙ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Жасанды интеллект»
ҒЗИ директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

I. Қолданатын негізгі ұғымдар:

Аллофон: мағына ажыратпайтын және әліпбиде өзіне үндес фонеманың таңбасымен ғана таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

Диакритика: үндес фонемаларды таңбалайтын және дыбыстың екпінін және басқа қасиетін беретін әрпілердің үстіне, астына немесе жанына жазылатын таңба.

Фонема: мағына ажырататын, әліпбиде жеке таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

II. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындау.

Кез келген тілдің әліпбиіне қойылатын ыңғайлылық, тиімділік және басқа талаптардан маңыздысы, әліпбидің **дұрыстығы** болады. Олай болмағанда, әліпби қолдануға жарамсыз болады, себебі ол жазбада әртүрлі қайшылықтарды тудырады.

Әліпби тілдің дыбыстық жүйесіне негізделіп құрылады. Сондықтан қазақ тілінің әліпбиін құру үшін оның дыбыстық жүйесін (құрамын, жіктемесін) айқындап алу керек.

Қазақ тілінің кириллица негізіндегі қолданыстағы әліпбиінде **40** фонема, солардың ішінде дауысты **15** фонема (**а**), (**ә**), (**е**), (**ё**), (**и**), (**о**), (**ө**), (**у**), (**ұ**), (**ү**), (**ы**), (**і**), (**э**), (**ю**), (**я**) және дауыссыз **25** фонема (**б**), (**в**), (**г**), (**ғ**), (**д**), (**ж**), (**з**), (**й**), (**к**), (**қ**), (**л**), (**м**), (**н**), (**ң**), (**п**), (**р**), (**с**), (**т**), (**ф**), (**х**), (**һ**), (**ц**), (**ч**), (**ш**), (**щ**) таңбаланған, олардың **28** қазақтың төл дыбысы және **12** орыс тілінен енген кірме дыбыстар.

Кірме дыбыстардың ішінде дауыссыз **5** дыбыс (**в**), (**ф**), (**х**), (**ц**), (**ч**) *адамның тегін, жер атын және халықаралық терминдерді* жазғанда пайдаланып, қазақ тіліне етене еніп кетті. Мысалы, *Вагнер, Вьетнам, вагон, вакуум, вектор, вето, викторина, вирус, вольт, Иванов, Ирак, интернет, инвестор, институт, университет, универсам, Форд, Франция, факт, файл, физика, факультет, федерация, филармония, фонетика, формула, функция, Хинчин, Хомский, Хорватия, хлор, хром, хроника, Цезарь, Циолковский, Цой, Цейлон, Цюрих, цезий, цемент, цензура, циклотрон, цилиндр, циркуль, цунами, Чад, Чайковский, Чаплин, Челюскин, Черногория, Чехия, Чикаго, Чили, Чита, чуваш.*

Осы дыбыстардың қазақ тіліне терең енгендігі соншама, тіпті орыс тілін білмейтіндердің артикуляциялау (дыбыстау) органдары осыларға бейімделіп кетті. Бұл кірме дыбыстардың барлығы жұрнақтар мен жалғаулардың құрамына кірмейді де, жаңа сөзжасамдар мен сөзпішіндерге қатыспайды. Сондықтан (**в**), (**ф**), (**х**), (**ц**), (**ч**) дауыссыз дыбыстарын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кіргізу керек, оларды қолданғаннан **қазақ тілі зардап шекпейді**, керісінше олар халықаралық терминдердің айтылуы мен жазылуын олардың түпнұсқадағы айтылуы мен жазылуына жақындатуға көмектеседі. Ал орыс тілінің (**ё**), (**э**), (**ю**), (**я**), (**щ**) дыбыстары қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін болып, латиницадағы жаңа әліпбиді құрған кезде ескерілмеуі керек.

Қолданыстағы кирилл әліпбиінде орыс тілінің дауысты (**и**) фонемасының таңбасы бар. Бұл **жүйелік қате**, себебі қазақ тілінде дауысты (**и**) фонемасы жоқ. Сондықтан дауысты (**и**) фонемасы қазақ тілінің орфографиясында қайшылықтар тудырды.

Мысалы, қазіргі қазақ жазуында (**и**) фонемасына аяқталатын «*би*», «*ми*» сияқты сөздердің тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында «*би+і*», «*ми+ы*» болады. Олар “Қазақ

тілінде тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында дауыссызға аяқталатын сөздерге «і» немесе «ы» жалғауы, ал дауыстыға аяқталатын сөздерге «сі» немесе «сы» жалғауы жалғанады деген **морфологиялық ережеге** қайшы келеді. Мысалы, «әже+сі», «ана+сы» – ережеге сәйкес.


Егер (**и**) фонемасын дауыссыз деп есептесек, онда «би», «ми» деген сөздерде бір де буын болмайды. Бұдан қазақ тілінің орфографиялық ережесі қате немесе тәуелділік жалғау туралы морфологиялық ереже қате деген шығады.

Сонымен қатар, дауысты (**и**) фонемасын түбір сөздерде пайдалану “Қазақ тілінде түбір сөздерде екі дауысты дыбыс қатар кездеспейді” деген ережеге де қайшылық тудырады. Мысалы, құрамында 2 дауысты қатар кездесетін «**тиын**» және «**тиіи**» сияқты сөздер бар. Егер орыс тілінің (**и**) фонемасын қазақтың латын графикасындағы жаңа әліпбиіне кіргізсек, онда осындай қайшылықтар сөзсіз пайда болады.

Қолданыстағы кирилл графикасындағы әліпбиде орыс тілінің дауысты (**у**) фонемасы таңбаланған. Бұл жүйелік қате, себебі қазақ тілінде дауысты (**у**) фонемасы жоқ. Әліпбиде (**у**) фонемасын пайдалану (**и**) фонемасы тудырған қайшылықтар сияқтыларды тудырады. Мысалы, «у» фонемасына аяқталатын «бу» және «гу» сөздеріне ереже бойынша тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында жалғаулар «бу+сы» және «гу+сі» болуы керек еді, ал іс жүзінде олар «бу+ы» және «гу+і» деп ережеге қарсы жазылады.

Сондықтан осы (**и**) және (**у**) дауысты фонемаларын қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінде жеке (бөлек) таңбалаудың қажеті жоқ.

Біз фонетикалық қаныққан (фонетически насыщенный) тест құрастырып, оны әр аймақтардағы әртүрлі жастағы қазақ дикторларының (ерлердің, әйелдердің, балалардың) дауысымен айтылған акустикалық корпусты (дыбыстық базаны) компьютер арқылы зерттеп, қазақ тілінде ағылшын тілінің (**w**) фонемасына үндес, бірақ бірдей емес, қазақ тілінің жартылай дауыстының бар екендігін дәлелдедік. Тәжірибеге қатысқан «**тауы**» сөзінің спектрограммасы және амплитудалық дыбыстық толқыны 1-Суретте көрсетілген.



1-Сурет. «тауы» сөзінің фонетикалық сегменттелуі. А – спектрограмма, Б – толқын.

Осы жартылай дауыстының артикуляция үрдісінде өте шектелген кедергісі болады, сондықтан ол спектрограмма және дыбыстық толқын бойынша дауыстыларға ұқсас, бірақ ол олардан жиіліктің 11-15 КГц арасында энергияның жоқтығы байқалады, ал 1.Б-суретте жиіліктің 2 КГц және 5 КГц тұсында амплитуданың өзгеруімен және осы жартылай дауыстының амплитудасы (**а**) мен (**ы**) дыбыстарының амплитудаларынан кіші екендігі көрсетілген.

Сондықтан қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне жартылай дауысты (халық аралық фонетикалық әліпбиде [w] болып таңбалатын) фонемасын кіргізу керек. Ол орыс тілінде жоқ, бірақ оның үндесі ағылшын тілінде бар, ол (**w**) фонемасы.

Қорытынды.

1. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде **33** дыбыс, олардың ішінде **9** дауысты фонема (а), (ә), (е), (о), (ө), (ұ), (ү), (ы), (і) және **24** дауыссыз фонема (б), (в), (г), (ғ), (д), (ж), (з), (й), (к), (қ), (л), (м), (н), (ң), (п), (р), (с), (т), (w), (ц), (ф), (х), (ч), (ш) бар.

2. Қазақтың тілінің **2** дауысты (і) және (ү) фонемаларының сәйкес аллофондары ретінде, оларға үндес орыс тілінің (и) және (у) дыбыстары алыну керек, бұлар жеке (бөлек) әрпімен таңбаланбай, халықаралық терминдерді оқығанда ғана дыбысталып, қазақ тілінде ешқандай қайшылықтар тудырмайды. Мысалы, егер дауысты (і) және (ү) фонемалары латынның **Ii** әрпімен **Uu** сәйкес таңбаласа, онда **institut**, **universitet** сияқты кірме сөздерді жазу мен оқу ешқандай қиындық тудырмайды.

III. Қазақ тілінің латын графикасындағы ұсынылған әліпбилерді талдау

Төменде 1-Кестедегі «Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT-сүйемелдеу» жұмыс тобы мақұлдаған қазақ тілінің латиницадағы әліпбиінде қателер бар екенді нақты мысалдармен дәлелденеді.

1-Кесте қазақ тілінің латиницадағы «Орфографиялық, Әдістемелік, Терминологиялық және IT-сүйемелдеу» жұмыс тобы мақұлдаған әліпбиі.

№	Латын	Кирилл	Әріп аты	№	Латын	Кирилл	Әріп аты
1	A a	А а	А	17	D d	Д д	Ды
2	Ä ä	Ә ә	Ә	18	O o	О о	О
3	B b	Б б	Бы	19	Ö ö	Ө ө	Ө
4	D d	Д д	Ды	20	P p	П п	Пы
5	E e	Е е	Е	21	Q q	Қ қ	Қы
6	F f	Ф ф	Фы	22	R r	Р р	Ры
7	G g	Г г	Гі	23	S s	С с	Сы
8	Ğ ğ	Ғ ғ	Ғы	24	Ş ş	Ш ш	Шы
9	H h	Х х (Һ һ)	Хы	25	T t	Т т	Ты
10	I i	Й й (И и)	Йі	26	U u	У у	Уы
11	I i	І і	І	27	Ū ū	Ұ ұ	Ұ
12	J j	Ж ж	Жы	28	Ü ü	Ү ү	Ү
13	K k	К к	Кі	29	V v	В в	Вы
14	L l	Л л	Лі	30	Y y	Ы ы	Ы
15	M m	М м	Мы	31	Z z	З з	Зы
16	N n	Н н	Ны				

1-Кестедегі әліпбиде қазақ тілінде таңбалатын **33** фонема бар деп, соның ішінде **4** фонема қосарланып (9-шы, 10-шы жолдар), **7** фонема оң диакритикамен (2-ші, 8-ші, 10-ші, 19-шы, 24-ші, 27-ші, 28-ші жолдар), **1** фонема теріс диакритикамен (11-ші жол), **1** фонема кеңейтілген латын әліпбиінің таңбасымен (17-ші жол) және **23** фонема базалық латын әліпбиінің әрпілерімен таңбаланған, бірақ оның **3** әрпі **Сс, Ww, Xx** қолданылмаған.

Осы әліпбиде қазақ тілінің жазбасында қайшылықтар тудыратын келесі **қателер** бар:

1) 1-Кестедегі 10-шы жолда дауыссыз (й) және дауысты (и) фонемалары жалғыз оң **I i** диакритикасымен таңбалануы. **Бұл жүйелік қате**, себебі:

– әліпби негіздемесіндегідей (4-пункт) дыбыстың дауысты немесе дауыссыз екендігі тілдің жазба емлесінде (орфографиясында) емес оның фонетикасында артикуляциялық

(жасалым) белгілері арқылы анықталады. Бір әріппен біреуі фонема, ал екіншісі оның айтылымында ғана жүзеге асатын және бір топқа (дауыстыға немесе дауыссызға) жататын аллофоны ғана таңбалады. Бұл әліпби ұсынушылардың дыбысты дауыстыға немесе дауыссызға бөлу оның артикуляциялық белгілеріне байланысты деген фонетика негізін мойындамайтынын көрсетеді;

– үлкен **І** әрпі жазбада дауыссыз (**й**) және дауысты (**и**) болып сөздерді буынға дұрыс бөлдірмейді. Мысалы, «МАІ, mai» - мұнда **І і** дауыссыз (**й**) және «МА – І, ma-i» - мұнда **іи** дауысты (**и**) болады.

– базалық латын әліпбиінің жалғыз кіші **і** әрпі қазақтың (**й**) және (**и**) фонемаларын таңбалайды (10-шы жол). Бұл құрамында осы фонемалар кездесетін кейбір сөздерді мағынасыз етеді. Мысалы, латиницада кіші әрпілермен жазылған «biik» деген **1** сөз кириллицада **2** түрлі «*биік*» және «*бйік*» болады.

–(**и**) және (**й**) фонемаларының қатар келетін сөздердің орфографиялық ережелерін дұрыс құрғызбайды. Мысалы, Калий - химиялық термин латиницада кіші/үлкен әрпімен «kalii/KALIi» болып дұрыс жазылмайды. Ал «kalii» дегенді кириллицаға аударсақ, кіші/үлкен әрпімен **4** вариант «калий, калйи, калий, калии/КАЛІЙ, КАЛІИ, КАЛИЙ, КАЛИИ» болады, олардың ішінде тек калий/КАЛІИ ғана мағына береді. Осындай қосарланған «ий»-ге аяқталатын біз өзгерте алмайтын мыңдаған терминдер мен адамның тегі (фамилиясы) жазылған: Горький, Чайковский, дендарий, депозитарий және т.б.

– компьютерлік жүйелердегі цифрлық кодтау (мысалы, 8 биттік ASCII және 16 биттік Unicode) кестелерінде бірі дауыссыз (**й**), ал екіншісі дауысты (**и**) фонемалары бір **І і** әрпімен таңбаланғандықтан тек бір кодпен кодталады. Бұл **қазақ тілінде ақпараттық технологиялар мен жүйелерді дұрыс даярлатпайды және дұрыс жұмыс істетпейді.**

2) 1-Кестедегі 11-ші жолда қазақ тілінің дауысты (**і**) фонемасы теріс **І і** диакритикасымен таңбалануы дұрыс емес. Себебі оны және оның аллофонын базалық латын **іи** әрпісімен таңбалап, ал оған сыңар жуан дауысты (**ы**) дыбысын теріс **І і** диакритикамен таңбалау керек еді. Сондықтан 1-Кестедегі 30-шы жолда қазақ тілінің жуан дауысты (**ы**) фонемасын халықаралық фонетикалық әліпбиде дауыссыз (**й**) фонемасын таңбалайтын латынның **У у** әрпімен таңбалануы дұрыс емес. Бұл әліпбидің біртектілігін (*жсіңішке дауыстылар төбесінде ноқаты бар, жуан дауыстылар ноқатсыз әрпілермен таңбалануын*) қамтамасыз етеді.

3) 1-Кестедегі 17-ші жолда қазақ тілінің дауыссыз (**ң**) фонемасы базалық латын әліпбиінің әрпі және диакритика болмайтын **Ŋ ŋ** таңбасымен таңбалануы қазақ тіліндегі мәтінді компьютерде кейбір шрифпен теру үшін оның коды жоқ, ал кейбіреуінде оның түрпаты әртүрлі болады. Мысалы, **Ŋ ŋ** –Arial, **Ŋ ŋ** –Bahnschrift;

4) 1-Кестедегі 26-шы жолда қазақ тілінде жоқ және оның жазбасында жоғарыдағы (**П**-пунктідегі) қайшылықтарды тудыратын орыс тілінің дауысты (**у**) дыбысы базалық латын **Uu** әрпімен таңбалануы дұрыс емес;

5) 1-Кестедегі 27-шы жолда қазақ тілінің дауысты (**ұ**) фонемасы өзінің дыбысталуына сәйкес базалық латын әрпі **U u** емес, әліпбиге керек емес **Ū ū** диакритикасымен таңбалануы дұрыс емес.

6) Дауыссыз (**ц**) мен (**ч**) фонемаларының таңбаланбауы дұрыс емес. Себебі олар көптеген терминдерде, адам аттарында, географиялық атауларда және басқа кірме сөздерде кездеседі, оларды қазақ тілінен алып тастау ресми құжаттарды дайындауда көптеген проблемалар тудырады. Сондықтан оларды осы әліпбиде қолданылмай қалған латынның **Сс** әрпі және **Çç** диакритикасы арқылы сәйкес таңбалауға болады, олар жұрнақ пен жалғаулар құрамына кірмей, қазақ тілінің жазбасына ешқандай зиян тигізбейді.

Қорытынды. Жоғарыда талданған қазақ тілінің латиницадағы мақұлданған әліпбидің қателері қазақ тілінде көптеген *адамдардың аттарын, географиялық атауларды, ғылыми терминдерді және басқа сөздерді* дұрыс жаздырмай, ақпараттық жүйелерде көпмәнді *сұратымдар* пайда болады, олар электрондық үкімет (**e gov.kz**),

университет (**e university**), банк (**e bank**) және басқа жүйелермен дұрыс жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді.

Бұны біздің елге жасалынған **диверсия** деуге де болады, себебі олар ақпараттық жүйелер мен деректер базаларын құрған кезде программалаушы немесе оператор жіберген, бірақ кейін түзетілетін техникалық қателер емес, олар **түзетілмейтін іргелі қателер** болады. Себебі, осы әліпбимен даярланған барлық жазба өнімдері түзетілмейтін қателермен шығатын болады. Осындай түзетілмейтін қателерді тұдырмас үшін жоғарыда талданған қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиді **түбегейлі өзгерту керек**

IV. Қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиі.

Талданған әліпбиде қолданбай қалған **X x** латын әрпін дауыссыз дыбыстар жұбы (**кс**) мәнін беріп және оны қазақ тілінің жазбасына ешқандай зиян тигізбей кіргізуді ұсынамыз. Бұл халықаралық терминдер мен атаулардың қазақ тіліндегі жазылуын олардың түп нұсқасындағы жазылуымен бірдей етеді. Мысалы, *axelerat, axis, box, expert, export, maxitum, Mexico, mixer, Oxford, taxi, Xerox*.

Латын графикасындағы қазақ мәтінін оқуды жеңілдету үшін әртүрлі диакритикалық таңбалар қолдануды ұсынылады:

- жіңішке дауысты (**ә**), (**ө**), (**ү**) үшін әрпі үсті екі нүктелі диакритика **Ä ä, Ö ö, Ü ü**;
- жуан дауысты (**ы**) үшін нүктесіз «теріс» диакритика **І і**;
- дауыссыз (**ң**) үшін әрпі үсті тильда диакритика **Ñ ñ**;
- дауыссыз (**ғ**) үшін әрпі үсті қарғаша диакритика **Ğ ğ**;
- дауыссыз (**ч**), (**ш**) үшін әрпі асты үтір диакритика **Ç ç, Ş ş**.

Сонымен қатар, **2** дауысты (**і**) және (**ү**) фонемаларының сәйкес аллофондары (**и**) және (**у**) тек халықаралық терминдерді оқыған кезде ғана ескеріледі, оларға жеке әрпілер берілмей және жаңа латын әліпбиінде өздеріне үндес (**і**) және (**ү**) дыбыстарының әрпілерімен сәйкес таңбаланылады.

Талданған әліпбидегі жоғарыда көрсетілген қателерді түзетіп және қазақ тілінде ешқандай орфографиялық қайшылықтар тудырмайтын латын графикасында жаңа әліпби **3-Кестеде** ұсынылады.

Қазақ тілінің әліпбиін латын графикасындағы орфографиялық ережелерді құрмастан бұрын көшірместен бұрын, оның жаңа дыбыстық жүйесіне сай, кириллица негізінде **өтпелі (аралық)** орфографиялық ережелерді құру керек. Сонда латын графикасындағы орфографиялық ережелер өте жеңіл жасалынады. Әсіресе бұлар жоғарыда айтылған қазақ тілінді жоқ орыс тілінің дауысты (**и**) және (**у**) фонемаларына қатысты болады. Оларға мысалдар 3-кестеден кейін берілген.

V. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту.

Латын графикасындағы әліпби қабылдағаннан кейін қазақ тілі сөздерінің жаңа орфоэпиясын (транскрипциясын) және орфографиясын қалыптастыру керек. Алайда, олардан бұрын, қазіргі жазбада кездесетін **Ъь** жуан және **Ьь** жіңішке белгілерін алып тастап, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін орыс тілінің дыбыстарын таңбалайтын **Ии, Ёё, Ээ, Уу, Юю, Яя, Щщ** әрпілерінен арылту ережелерін анықтау қажет. Бұл латын графикасындағы қазақ орфографиясының **дәл, түсінікті, қайшылықсыз**, ешқандай ерекше жағдайсыз **толық** болуы үшін жасалынады.

Кириллицадағы жазбаларды керексіз әрпілерден арылту ережелерін жасау үшін қазақ тілінің төл сөздеріне тән негізгі заңдылықтарды: *сингармонизм, дауыстылардың дауыссыздармен кезектесі* (міндетті) *дауыссыздардың дауыстылармен кезектесі* (міндетті емес, егер екінші дауыссыз келесі буынның немесе біріккен сөздегі басқа сөздің басы болса) ескеру қажет. Бірақ басқа тілден енген кірме терминдерде, бұл заңдылықтар орындалмауы мүмкін, сондықтан оларды керексіз әрпілерден арылту үшін арнаулы

ережелер құрылуы керек. Тек сонан кейін қазақ жазуын кирилл графикасынан латын графикасына **автоматты аударатын компьютерлік программа - конвертор** жасалып, сараптамадан өтуі керек. Ол кирилл графикасында шыққан цифрлық ресурстарды латын графикасына автоматты аудару үшін қолданылады.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту үшін, оның жазуын латын графикасына толық көшіруге қажетті барлық материалдар (*дыбыстық жүйе, әліпби, орфоэпиялық емлелер мен сөздік, орфографиялық емлелер мен сөздік, салалық терминологиялық және түсіндірме сөздіктер, ономастикалық және топонимикалық сөздіктер*) **мемлекеттік стандарттау нысандары** болады деп есептеу керек. Осындай стандарттарды қабылдау қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде толық қалыптастырып және дамытып, оның сөйлеу және жазу ережелерінің бірегейлігін және сапасын арттыруға тікелей әсер етеді. Себебі олар мемлекеттік бақылау немесе сертификаттау органдарының жұмыс құжаттарына айналады: *егер мемлекеттік тілде стандарттау нысандары болатын бұқаралық ақпараттық құралдарында, баспа немесе цифрлық өнімдерде жарияланған және халыққа тарататын материалдар мен жарнамалар стандарттар талабына сәйкес келмейтін болса, онда оларды өндірушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылуы керек.*

Қажетті мемлекеттік стандарттарды дайындау үшін ҚР Техникалық реттеу және метрология комитеті (ТРМК) айтылған мәселелерге қатысты «Мемлекеттік тіл» атты арнайы Техникалық комитет құруына болады. Бұл қазақ тіліне қатысты даярланған стандарттарды көп деңгейлі сараптамадан ресми өткізуге мүмкіндік береді, себебі оларды сараптауға мемлекеттік органдар мен ұйымдар, білім мен ғылым мекемелері және түрлі қоғамдық ұйымдар қатыса алады. Осы стандарттарға қатысты түскен сараптамалар қорытындыларын ТРМК жанындағы арнаулы комиссия талқылайды. Егер сарапталған стандарт толық және сапалы болса, онда оның қолдану мерзімі және келесі тексерілетін мерзімі бекітіледі. Бұл мемлекеттік тілінде болып жатқан әрбір өзгерістерді ҚР Президентінің Жарғысына байлаудан босатады да, қазақ тілінің даму сапасын қадағалауды нақтылайды және күшейтеді.

3-Кесте. Қазақ тілінің дыбыстары және олардың таңбалануы

№	Ұсынған латын әліпбиі	Халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ)	Unicode	Істегі кирилл әліпбиі	Түсіндірме
1	A a	[ɑ]	0041 0061	А а	ХФӘ-дегі және сияқты
2	Ä ä	[æ]	00C4 00E4	Ә ә	Неміс, түркмен сияқты
3	B b	[b]	0042 0062	Б б	ХФӘ-дегі және сияқты
4	C c	[tc]	0043 0063	Ц ц	Ағылшын, француз және басқалар сияқты
5	Ç ç	[tʃ]	00C7 00E7	Ч ч	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
6	D d	[d]	0044 0064	Д д	ХФӘ-дегі және сияқты
7	E e	[e]	0045 0065	Е е	ХФӘ-дегі және сияқты
8	F f	[f]	0046 0066	Ф ф	ХФӘ-дегі және сияқты
9	G g	[g]	0047 0067	Г г	ХФӘ-дегі және сияқты
10	Ğ ğ	[ɣ]	01E6 01E7	Ғ ғ	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
11	H h	[h]	0048 0068	Х х, Hh	Ағылшын, француз және басқалар сияқты
12	I ı	[ɯ]	0049 0131	Ы ы	Түрік тілі сияқты
13	İ i	[i, i]	0130 0069	І і	Орыс тілінің дауысты (и) фонемасы жеке таңбаланбайды, ол аллофон болады
14	J j	[ʒ]	004A 006A	Ж ж	Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік сияқты
15	K k	[k]	004B 006B	К к	ХФӘ-дегі және сияқты
16	L l	[l]	004C 006C	Л л	ХФӘ-дегі және сияқты
17	M m	[m]	004D 006D	М м	ХФӘ-дегі және сияқты
18	N n	[n]	004E 006E	Н н	ХФӘ-дегі және сияқты
19	Ñ ñ	[ɲ]	00D1 00F1	Ң ң	Түркмен сияқты
20	O o	[ɔ]	004F 006F	О о	ХФӘ-дегі және сияқты
21	Ö ö	[ø]	00D6 00F6	Ө ө	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
22	P p	[p]	0050 0070	П п	ХФӘ-дегі және сияқты
23	Q q	[q]	0051 0071	Қ қ	Qazaq
24	R r	[r]	0052 0072	Р р	ХФӘ-дегі және сияқты
25	S s	[s]	0053 0073	С с	ХФӘ-дегі және сияқты
26	Ş ş	[ʃ]	015E 015F	Ш ш	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
27	T t	[t]	0054 0074	Т т	ХФӘ-дегі және сияқты
28	U u	[ʊ, u]	0055 0075	Ұ ұ	Орыс тілінің дауысты (у) фонемасы жеке таңбаланбайды, ол аллофон болады
29	Ü ü	[y]	00DC 00FC	Ү ү	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
30	V v	[v]	0056 0076	В в	ХФӘ-дегі және сияқты
31	W w	[w]	0057 0077		Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған
32	X x	[ks]	0058 0078		Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған
33	Y y	[y]	0059 0079	Й й	Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік сияқты
34	Z z	[z]	005A 007A	З з	ХФӘ-дегі және сияқты

Өрпіні экранға шығару үшін оның кодын теріп, Alt+X батырмаларын бірдей басу керек.

3-Кесте. Қазақстан Республикасының Ел Ұраны

<i>Қолданыстағы әліпбиде</i>	<i>Maqūldanğan әліпбиде</i>	<i>Usınğan әліпбиіде</i>
Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы, Ерліктің дастаны, Еліме қарашы! Ежелден ер деген, Даңқымыз шықты ғой. Намысын бермеген, Қазағым мықты ғой!	Altyn kün aspany, Altyn dän dalasy, Erliktiñ dastany, Elime qaraşy! Ejelden er degen, Dañqymyz şyqty ğoi . Namysyn bermegen, Qazağym myqty ğoi !	Altın kün aspanı, Altın dän dalası, Erliktiñ dastanı, Elime qaraşı! Ejelden er degen, Dañqımız şıqtı ğoy . Namısın bermegen, Qazağım mıqtı ğoy !
Қайыrmасы: Менің елім, менің елім, Гүлің болып егілемін, Жырың болып төгілемін, елім! Туған жерім менің – Қазақстаным!	Qaiyrmasy: Meniñ elim, meniñ elim, Güliñ bolyp egilemin, Jyryñ bolyp tögilemin, elim! Tuğan jerim meniñ – Qazaqstanym!	Qayırması: Meniñ elim, meniñ elim, Güliñ bolıp egilemin, Jırñ bolıp tögilemin, elim! Tuwğan jerim meniñ – Qazaqstanım!
Ұрпаққа жол ашқан, Кең байтақ жерім бар. Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз елім бар. Қарсы алған уақытты , Мәңгілік досындай. Біздің ел бақытты, Біздің ел осындай!	Ūrpaqqa jol aşqan, Keñ baitaq jerim bar, Bırlıgı jarasqan, Täuelsiz elim bar Qarsy alğan uaqytty , Mäñgilik dosyndai , Bizdiñ el baqytty, Bizdiñ el osyndai !	Urpaqqa jol aşqan, Keñ baytaq jerim bar, Birligi jarasqan, Täwelsiz elim bar, Qarsı alğan waqıttı, Mäñgilik dosınday, Bizdiñ el baqıttı, Bizdiñ el osınday!

Жоғарыда айтылған уәждерге байланысты ҚР-ның Ел Ұранының мәтінінде қолданыстағы кириллицадағы әліпбиде және мақұлданған латиницадағы әліпбиде кейбір сөздер қате жазылған, олар *курсив* және **жуан** болып ерекшеленген.

Қазақ тілінді жоқ орыс тілінің дауысты (и) және (у) дыбыстарынан арылу ережелерінен үзінді

1. Егер сөзде дауыссыз дыбыстан кейін кездесетін орыс тілінің дауысты (и) дыбысының орнына сөздің жуан немесе жіңішке айтылуына байланысты екі дыбыс (**iy**) немесе (**iу**) тіркесінің латын графикасындағы таңбалары сәйкес қойылса, онда жоғарыда келтірілген мысалдар «*тиын* = **tiyin**» және «*тиін* = **tiyin**» болады да, тәуелділік жалғауларының 3-ші жағында жалғаулар «*ми+ы* = **miy+ı**» және «*би+і* = **biy+i**» деп жазылып, сөз буынға дұрыс бөлінеді де, ешқандай ережеге қайшылық тудырмайтын болады.

2. Егер сөзде дауыссыз дыбыстан кейін орыс тілінің дауысты (у) дыбысының орнына сөздің жуан немесе жіңішке айтылуына байланысты екі дыбыс (**uw**) немесе (**üw**) тіркесінің латын графикасындағы таңбалары сәйкес қойылса, онда «*бу* = **buw**» және «*гу* = **güw**» болады да, оларға жалғанған тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында жалғаулар «**buw+ı**» және «**güw+i**» болып, ешқандай ережеге қайшылық тудырмайтын болады.

ОБЛАСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

В настоящее время искусственный интеллект (ИИ) применяется во всех областях деятельности человека, и все системы ИИ ориентированы на использование и развитие естественных (английского, французского, немецкого, японского, китайского, русского и других) языков. Системы ИИ понимают смыслы заданных вопросов и ответов, используя контекст и обработку текста и речи, автоматически реагировать (отвечать устно или письменно на вопросы и задавать вопросы, в том числе отвечать на письма электронной почты) на естественном языке. В нашем случае таким естественным языком будет казахский язык.

Ниже приводятся с короткими пояснениями основные области деятельности человека, в которых активно применяется ИИ.

Образование

В образовании ИИ будет применяться для решения следующих задач:

1) *Адаптивное обучение*: Настройка контента, технологии и продолжительности обучения на основе отслеживания индивидуального успеха или неуспеха каждого обучающегося.

2) *Персонализированное обучение*: Широкий спектр образовательных программ, в которых методика и темп обучения зависят от потребностей каждого ученика, его особых интересов и предпочтений, что позволяет каждому выбрать комфортный режим: можно учиться как в быстром, так и медленном темпе.

3) *Автоматическое оценивание*: Система автоматического оценивания, имитирует поведение учителей при проверке домашних заданий и может оценить знания обучающегося, проанализировать ответы, предоставить индивидуальную обратную связь и создать обучающий план с учётом индивидуальных особенностей.

4) *Интервальное обучение*: Образовательная методика с использованием технологий позволяет эффективно закреплять пройденный материал и определять, когда обучаемый может забыть новую информацию и рекомендует её повторить, чтобы получить устойчивые знания можно через несколько подходов.

5) *Оценка преподавателя студентами*: Предлагается возможности для оптимизации учебного процесса можно создать чат-боты, которые могут:

- собирать информацию, используя диалоговый режим, имитирующий настоящее интервью, что не потребует от обучающегося особых усилий;
- фильтровать грубые комментарии и личные оскорбления, которые иногда встречаются в формах обратной связи;
- адаптировать беседы под характер обучающегося и видоизменять в зависимости от его ответов.

6) *Смарт университет*: Интеллектуальная система управления обучением, позволяющая дистанционно обучаться и осуществлять проверку знаний, и имеющая свойства: адаптивность интерфейса, возможность представления и обработки знаний по разным дисциплинам, самообучаемость, самопроверяемость, поддержка письменного и устного диалога с пользователями.

7) *Смарт кампус*: Отвечает на любые запросы обучаемых, которые связаны с учёбой и жизнью в кампусе: как найти лекционную аудиторию, зарегистрироваться на выбранный курс, получить задания и связаться с профессором. Смарт-кампус уже есть в западноавстралийском университете, который работает на Watson, суперкомпьютерной системе, созданной в IBM.

Наука и технологии

В науке и технологии ИИ будет применяться для создания Смарт-радар технологических трендов, который необходим в системах поддержки принятия решений для определения стратегии развития отечественных научно-технологических направлений и отраслей экономики. В Смарт-радаре будут реализовываться:

- функции сбора и обработки научно-технической информации на казахском, русском и английском языках;
- обработка текстов на основе онтологических моделей отрасли науки и технологии;
- извлечение информации из неструктурированных текстов, имеющихся в источниках (научные журналы и труды конференций; базы патентной информации; информационные материалы на сайтах министерств и ведомств, отвечающих за научно-техническую политику) и преобразование их в структурированные знания, соответствующие концептам разработанных онтологий.
- построение на основе полученных знаний дорожные карты исследовательских фронтов, в которых позиционируются научно-технологические коллективы.

Здравоохранение и медицина

